

**«Жаңа толқын» ток-шоу клубы** - аға буын өкілдері мен жастар арасындағы рухани құндылықтарға, салт-дәстүр бағытында диалог қалыптастырып, ұлттық мұраларды насихаттаумен айналысады.

#### КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:

- рухани, интеллектуалдық және адамгершілік деңгейі жоғары, ұлтжанды, өзінің қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілігін сезінетін жастар буынының қалыптасуына ықпал ету;
- студенттердің арасында пікірсайыс бағдарламасының кеңінен таралуына ат салысу;
- студенттердің отансүйгіштік, елінің тарихына, ата-баба дәстүріне қызығушылықтарын арттыру;
- жинақталған білім мен тәжірибені тереңдетіп, келесі лектегі студенттерге жеткізілуіне септігін тигізу;
- студенттердің шығармашылығын, танымдық қабілеттерін шыңдау, әдеби-рухани ізденістерін қолдау, дамыту, ұлттық құндылықтарды насихаттау.

Қарттар күні мерекесі аясында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Жас толқын» клубының ұйымдастыруымен «Біздің елге қарттар үйі қажет пе?» тақырыбында диспут өткізілді. Тәрбиелі кештің қонақтары ретінде «Алаш аманаты» қоғамдық бірлестігінің төрайымы - Қарлығаш Бекпатшақызы, жазушы, Моңғолия жазушылар Одағының мүшесі – Үзбен Құрманбайұлы, ақын - Ерғожа Тілепбердиев және химия ғылымдарының кандидаты, доцент Несібелді Мұсағалиқызы қатысты.

2014 жылдың 13 қарашасы күні «Жас толқын» танымдық клубының ұйымдастыруымен «Жаһандану және қазақ жастарының мәдениеті» тақырыбында ток-шоу өткізілді. Тәрбиелі кештің қонақтары ретінде Тарих кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты – Өмірбай Жолдыбекұлы, Кәсіптік білім беру кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты – Марал Дүйсенейқызы, университеттің теолог-маманы Ерғали Зайытханұлы және Студенттік Парламент спикері Аватаев Исламбек, «Қыз сыны-2014» байқауының жеңімпазы Батыртегі Қызжібек қатысты.

Клубтың төрайымы - КЖЖКББ факультетінің студенті Т. Кунафина.

